



MEREKE
HEAD PASTY



Laurel E. Conway

Хамза
ЕСЕНЖАНОВ

АҚ ЖАЙЫҚ

ТРИЛОГИЯ

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-44
Е 79

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Есенжанов Х.

Е 79 Көп томдық шығармалар жинағы / Хамза ЕСЕНЖАНОВ.
Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, Mereke baspasy, 2013.
ISBN 978-601-7370-22-0

Т.ІІІ: Ақ жайық: Тар кезең: роман – 560 б: 20 сурет: портр.
ISBN 978-601-7370-25-1

Белгілі суреткер Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» романының үшінші кітабы – «Тар кезең» 1928-1932 жылдар арасында казак ауылындағы түбірлі өзгерістерге, ескі мен жаңаның ымырасыз күресіне арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-44

Барлық құқықтары қорғалған. Осы кітаптың ешбір тарауын қандай түрде де «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС-ның жазбаша рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

ISBN 978-601-7370-25-1 (Т.ІІІ)
ISBN 978-601-7370-22-0

© Есенжанов Х. (мұрагері), 2013
© суреттер «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2013
Mereke baspasy
© көркем безендіру «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2013
Mereke baspasy
© «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2013
Mereke baspasy

TAP KEBEH

YITHIHI KITAHI

БЕСІНШІ БӨЛІМ

...Бұзбай құлан пісірмей,
Мүз үстінде от жақпай...

Махамбет

БІРІНШІ ТАРАУ

I

Тартыс тас қамаудың ішінде де жүріп жатты.

Төтенше әскер сотының председателі генерал Емуганов жиырма бес істің ішінен сары папканы бөлектей берді. Оны қайта-қайта ашып, әлденені анықтай түсті. Басын шайқады.

«Отыз бес жыл адвокаттық қызметте! Сұлтан! Дума мүшесі! Дала өлкесінен депутат! Имм!..»

Ескі емен столдың үстіндегі кішкене күміс қоңырауды генерал қарамастан, қолымен тапты да, екі көзін сол сары папкадан айырмай төмен қарап отырып, шылдыр еткізді. Қоңыраудың сыңғыр-сыңғыр төгілмелі жұп-жұмсақ дыбысына есіктен жалт еткен офицердің:

— Не бұйырасыз, ұлы дәрежелім? — деген бұйрыққа бой ұсынған жаттама лебізі қосыла шыққандай болды.

Генерал басын көтермеді.

— Маған тұтқын Қаратаевты келтір, капитан.

— Құп болады, ұлы дәрежелім.

Генералдың жарлық беруге бөлінген бір минуты оны іс қараудан айырған жоқ-ты. Оның көзі анкетада еді.

«...Һмм!.. 1860 жылы туған. Үйлі. Ұлы бар. Гимназист. Қызы қалалық мектептің екінші класында... Бұрынғы кадет! Һмм!.. Қазір Ресей

социал-демократ партиясының мүшесі! Жұмыскер, крестьян және солдат депутаттарының Оралдық Советіне сайланған комиссар...» Бірнеше парақты біржолата аударып жіберіп, ол белгі салған жеріне бөгелді — көзі тағы да қыр билерінің приговоруна түсті. Ол басын шайқады, ішінен күбірлеп оны қайтадан оқып шықты. Онда:

«Аса құрметті, ұлы дәрежелі, казак-орыс войскосының даңқты генералы Емутанов мырза! Ақ патшаға қол беріп, оның мархабатты хұзырына енгелі қазақ даласы сан игі іске араласты. Патша ағзамның сыртқы әлем алдында дәрежесі мен даңқы артуына тілектес болды, ішкі байлығы молаюына көмектесті. Ескі кездегі алауыздық пен тайталас егеске түскен замандар біржолата ұмытылды. Қазір заман да өзгерді, заң да өзгерді, ақ патша да орнынан түсті. Сондықтан өткенге салауат, барға шүкір деп дұға етеміз. Қазіргі кезде де қазақ даласы ағайындық шеңберден аяғын аттап басып отырған жоқ. Ежелден мейірімді көрші іргелі елдің ілгері өрлеуіне, жаңа бағыт, жаңа абыройға ие болуына тілектеспіз. Өйткені Ресей ілгері өрлесе, қазақ даласы да гүл жайнайды деп білеміз. Сондықтан жаңа заманда ежелден езіліп келген сахараның бұрынғы күшпен өзгертілген ел билеу тәртібін қайтадан қаз қалпына келтіру мақсаты туды. Көрінің де, жастың да ізгі ниеті мен қол созған арманы осы... Қазақ сахарасында бас көтерген азамат саны аз екені, құрметті генерал мырза, сізге ежелден аян нәрсе. Әсіресе қара халықтың қамын көздейтін әлеумет ісіне жетік, көзі ашық азаматтарымыз

бес саусақпен санағандай. Жұрты тегіс сүйетін, кәріге ақыл айтатын, жасқа лұғат беретін, білім мен парасат иесі, көп заманнан бері елінің жел жағына пана болып келген, өзі көпті көрген көреген, сөйлесе тілінен бал таматын білгішіміз, әрі ардагер ақылгөйіміз сұлтан Бақытжан Қаратаев еді. Сол аяулы азаматымыз, ақ сақалды данышпан кәриеміз қазір Орал абақтысында кіріптар. Ол жалаға ұшырады, ғаділетсіздікке душар болды, олай дейтініміз: сұлтан Бақытжан адал ниеттен өзгеге, ғаділетті істен басқаға қол созбақ емес, адамгершілікке қарсы тұрарлық мінез көрсетпек емес. Қара қазақ баласы оны еш уақытта сахарасына мін келтіреді деп түсінбейді, ғаділеттік жолдан өзгеге мойын бұрады деп есептемейді. Сол себепті сізді, ұлы дәрежелі генерал мырза, ел сүйген ақылшы кәрием сұлтан Бақытжан Қаратаевты кіріптарлықтан халас етеді деп сенеміз. Сіздің ғаділет таразысын пәк ұстайтыныңызға шек келтірмейміз. Үлкен құрметпен хұзырыңызға өтініш жолдап қалушы: Байбақты руының билері Әнжан Жұбаналыұлы мен Кенесары Отарұлы; халық учительдері: Хабибрахман Қазыұлы, Ехсан Ізқұлұлы және басқалары...» деп жазылған еді.

Әлде тұтқынға жақсылық ойлады ма, әлде бұл тұтқынның қыр халқына аса қымбатты адам екеніне таң қалды ма, әлде... әйтеуір генерал әдетіне көшіп, мойнын оң жағына қисайтып отырып, онан арғы қағаздарды ақтарып көз жүгіртіп өткенше, тұтқын генералдың алдына да әкелінді.

— Ehe! — деп қалды генерал Емуганов,

кіріптардың жүдеу жүзі мен өте ұзын түрме халатына қарап. — Юрист Қаратаев! Сұлтан Қаратаев! Һмм!..

Бақытжан кірген бойда сәлемдескендей, генерал отырған столға сәл ғана басын иіп тұрып қалып еді. Ол сол күйінде ұлықтың сөз түйіні қайда тірелерін күтті. Үндемеді. Генерал орнынан қозғала түсіп, ойын түптеді:

— Хан нәсілді сұлтан, атағы бар, білімді юристің қара табан тобырдың соңына ергеніне жол болсын!..

«Барлау, жасыту әдісін қолданбақшы» деп түйді де, кәрі тұтқын келте жауап қайыруды жөн тапты.

— Көне заманнан бері өмірдің бар мағынасы екі-ақ сөзге тірелумен келеді. Сұлтан да, князь да, юрист те, генерал да осы екі сөздің жә жоқтаушысы, жә боқтаушысы, генерал мырза!..

— Һмм! — деп, құлағын тіге қалды кабинет иесі.

— Ол екі сөз: Азаттық. Теңдік. Мұны сіз бен біз жақсы білеміз, генерал мырза.

Әлде жасынан бойға біткен кемшілігі ме, әлде әдет болып кеткен нәрсе ме — әйтеуір үнемі мойнын оқыс бұрып, сөйлегенде басын қырғауылша қисайта қалатын бұл алтын погонды ұлық әлгідегі сол қисайып отырған күйі жауап қатпастан түрі де, түсі де басқадан өзгеше тұтқынға кішірек келген шегір көздерін қадап отырып қалды.

Біраздан кейін ғана ол сұлтанды алып келген босағадағы екі конвойға иегін қақты — екі солдат тәртібінен де, келген ізінен де қыл елі

жаңылмастан, бірі алдында, бірі артында, жалаң қылыштарын иықтарына сүйеп жоғары көтерген күйі кері алып кетті.

«Көрі қасқыры даланың! Бетінің сыңар тамыры да бүлк етпейді», — деді генерал тұтқын кеткен соң.

«Білемін сырынды. Көрі ағашты қанша шайқасаң да түсер жапырағы түсіп болған», — деді ішінен тұтқын, екі солдаттың ортасында келе жатып.

Тағы да «қырық тұрба» аран аузын аша түсті, — ауыр қақпа үнсіз жылжып, дыбыссыз жұтып жіберді.

Табалдырығы мен төрі екі адым камераның зілдей есігі де кірінтарды сағынып қалғандай құшақтап, қапсырма құлпы салдыр ете қалды; ішкі-тысқы қыбыр мен дыбыс бұрынғыдай біржола тұншықты.

Үн жоқ. Ол темір сирағы еденді тістеп қалған жұмыр койканың жиегінде отыр. Әлі қою, әлі ақселеу тартпаған бурыл сақал, әрі ұзын, әрі сұлу — шықшыт сүйегі шығыңқыраған ашаң бетін толық көрсетіп тұр. Сол жақ шекесінен оңға қарай қайырған шаш та қою және сақал түстес көк бурыл; аса биік емес, бірақ кең келген ұсақ әжімді маңдайдың шекелігін қою шаш қомақты көрсетеді. Жұқа танау, келісті мұрын парасатты жанның сүйкімді келбетіне жарасты біткен. Ал, жазық қабақ пен сыдырым қас осы сәтте жиырыла түсіп, ірі көздің бояу нұрымен қосыла ренжіп тұрған сияқты.

Бақытжан Қаратаев. Бір өңірдің белгілі Бакесі. Түрменің де басты тұтқыны.

Бақытжан әлі де еңкейген шал емес. Жасы алпысқа төніп тұрса да бұрынғы әлді денесінің мүсіні бүгілмеген, қайраты арылмаған жан. Тоғыз ай темір тор жігерді жанышса да көңіл сергек, ой айқын.

Ол көп оқиды, көп ойлайды: Басынан өткен ұзақ өмірдің өзі көріп келе жатқан қилы-қилы оқиғасын кәрі әкесі құлаққа құйған әрідегімен салыстырады. Бұл әрідегі мен берідегі тізбектелген көшпей — көз алдынан бұл күнде үздіксіз шұбырады. Әрідегі мен берідегінің ішкі сыры тұтасқан бір қасіреттің ұзын жолы болып елестейді. Сонау әріде де еңіреген елдің ызыңы құлаққа келеді. Басқа пана бола алмай аңыраған даланың ызғырық уілі естіледі. Ақтабан шұбырынды келеді кәрі адамның көз алдына.

Бұл әрісі ғой. Берісі ше?..

Қарттың ойын кенет күлдір ете қалған қатар камераның есігі үзіп кетті. Оның әрідегі ойы тіпті берідегіге жармасты — бірге отырған тар қапастағыларға ойысты.

«Мұны да алып шықты, — деді Бақытжан күбірлеп. — Мұны да әлгі генерал сыр тарту үшін алдырған шығар. Бірақ Петербург жұмысшылары шыңдап шығарған Дмитриевтен қандай сыр тартпақ?! Онан да сотын-ақ бастай бермей ме. Тергеуі бітті. Айыптау қорытындысы жазылды. Енді соты ғана қалды ғой.

Әскери сот. Әскер соты деген не? Ресейде бұл күні бұрын белгілеген үкімнің жарияланатын орны ғой. Кәдімгі белгілі жазаның... Ату, асу, каторга. Жазаның мөлшері осы — үшеуі. Бұл дағды болып кеткен. Сенат алаңындағы

декабрь геройларының асылғанына, каторгаға айдалғанына, Кавказға жіберілгеніне 90 жыл-ақ өтті. Сонда да осы үш мөлшер. Кешегі бесінші жылғы ату ше? Тіпті мұнан алты жыл бұрын адвокат Керенскийдің қорғаған Лена қырғыны! Жоқ, патша Ресейіне ем жоқ. Жаңаның жеңдеті, азаттықтың жауы, теңдіктің таптаушысы. Табанға салып таптаушысы!

Бұлар қолына түскен совдепшілерді жарылқар ма! Оралдың бір уыс большевигін асу-ату бүйім болып па!

Сұлтан деп кекетеді генерал. Иә, казак-орыс генералдарының қолында қамауда отырған Бақытжан — Қаратай ханның бел немересі. Қаратай Нұралы ханның баласы. Бірақ қалмақ қатынынан туған төрт ұлдың бірі. Нұралы Әбілхайыр ханның ұлы, көп ұлдарының бірі.

Орал өңірінде туып-өсіп, қызмет еткен генералдар менің ата-бабамды жақсы біледі. Қазақ даласын бес саусағындай біледі. Тілін де үйренген. Бәрін де біледі. Бірақ даланың соңғы ғасырда не істегенін бұлар біле берер ме екен?! Ұлт теңдігі дегенді езілген ұлттан өзгелер бағалай алар ма екен?! Түрмедегінің жүрегі қалай соғатынын дарқанда жүрген жандар сезе ме екен? Бір тілім нанға зар болған жүдеу жетімді төрт қабат көрпе үстінде жал мен жая жеген жан ойлай ма екен? «Арда киргиз», — деп сүйектен өтетін сөздің ащы дағы кеудеңде мәңгі қалатынын казак-орыс атамандары ойлай ма екен. «Сұлтан» дейді. — Қаратабан тобырдың сөзін сөйлегеніне жол болсын!» дейді. Отыз бес жыл Ресей патшасының заң безбенін салмақтаған «сұлтан» әділетсіздіктің

басып келгенін көзімен көрген. Қараның да ақ есептелгенін санаумен шаршаған...»

Кіріптар Бақытжан сол жұмыр койкасының жиегінде төмен қарап қозғалмай отырып қалды. Аз уақыт өткеннен кейін орнынан тұрып сансыз рет санаған есігі мен төрінің екі адым ұзындығын тағы да өлшеп кетті. Бірақ ол бұл жолы басым айналар деген үйреншікті қорқыныштың құшағында біраз кібіртіктеп, алпыс рет қана адым санады да, койкаға қайта отырды. «Тергеу қорытындысы бойынша ескертпелерімді жазамын» деп сұрап алған қағазға ұсақ етіп қара қарындашпен жазу жаза бастады. Оның бұл жазуы да ескертпе еді. Терең ескертпе еді. Кім білсін, кейінгі келер ұрпақ көз салсын деді ме?!

II

«Азаттығы үшін алысқан ел жан қияр ерлер шығарады, — деп жазды тұтқын. — Бұл тарихта талай болған. Оны дәлелдеу аса алысқа көз жіберуді керек етпейді. Біздің кешегі ер Исатайымыз патша мен ханның қарулы әскеріне қарсы қол жинап, тоғыз жыл алысты. Ақырында өзі ерлікпен қан майданда қаза тапты. Халық үшін жан қиған ер деп осыны айтады. Өлшеусіз ерлікті өз құлағыммен де есіттім, көрдім де.

...Оған елу жыл ғана өтті. Тоғыздамын. Орыс тілін үйрететін татар мектебінде оқимын. Бесқонақ шықпай жатып мені Орынбордан елге алып кетті. Көкем марқұм сырқат еді, әрі кәрі болған соң «көруге алдырған екен» деп ойладым. Бірақ бас себеп ол болмай шықты. («Ел көтеріліп

жатыр, үркіп қоныс аударғалы жатыр, — деді көкемнің жіберген кісісі, — қала мен дала соғысады...» Үрейлі хабардан жан түршігеді. Бейне бір апат — тасқын сел келе жатқандай.

- Жер мен суды алады!
- Мал мен басты қаттайды!
- Қазақ даласы тегіс қазыналық болады!
- Елге поп шығады, мұсылман діні жоғалады.

Ел біржола сілкінгендей. Қысқы қонысты тастап, кең байтақ даланың көз жетпес өрісіне жетуге асықты, қой қоздап болмай-ақ ірге көтеру жабдығына кірісті.

Ауыл тез Сұлукөлге көшті. Ал жайлау үсті дабылды дүбірге айналды. Сұлукөлге жан-жақтан көшіп келіп бас қосқан сан рулы ел сан түрлі жауынгерлік ұранды қоса ала келді.

- Байбақты тұтас бас көтеріпті!
- Алаша Сейіл батыр атқа мініпті!
- Сұлтан Қанғали Арысланов губернаторға қарсы қарулы әскер жинапты!

— Табын Айжарық батыр екі мың жігітімен Жем бойынан бері қарай өтіпті!

Кешікпей:

— Соғыс! Соғыс! — деген ащы хабар жер жарды. Біздің елден қырық жігіт атқа мінді. Бұл Дәулетше жасағы атанды. Ер қаруы — бес қару — найза мен садақ, айбалта мен қайқы қара қылыш — қайрауы жетіле түсті. Шүріппелі мылтық иыққа ілінді. Ат жалын тартып минуте жараған жас балаға шейін түнде ат бағуға шықты, күндіз қыр басын қарауылдауға барды.

Садақаға ақсарбас айтылды. Қырық қошқар құрбан шалынды. Кәрілер сәждеге басын қойды, кемпірлер мойынға бұршақ

Түн бойы от жағып қыз-келіншек кірпік қақпай мал күзетті. Қанғали сұлтанның әскеріне қосылуға Дәулетше қырық жігітімен жорыққа аттанды.

— Боздағым!

— Ботам!

— Қырық шілтен ғайып пірлер қолда! — деген кемпірлердің сарыны сай-сүйекті сырқыратты. Дала күңіреніп кетті...

Қанғали айтып еді... Бәрі сол «низамнан» басталды. Тама мен Табын елінің көзі ашық азаматы деп Оралдың генерал-губернаторы генерал-майор Веревкин маған жарлық жіберген. Онда: «Ояз начальнигі подполковник Черноморцев мемлекеттің жаңа заңын жүзеге асыру үшін киргиз еліне шығады. Соған барлық көмек-күшіңізді көрсетесіз» депті. «Өлмей көнбейміз», — деп ант еткен халық Айжарық батырды қолбасы, мені оның ақылшысы етіп тағайындап:

— Ал баста, біз соңыңа ердік, — деп еді.

Алдымен губернатор жарлығын бетке ұстап Черноморцевтің шын ниетін ашу үшін Електің бойын өрлеп Қарасуға келдім. Бұл начальник жаңа заң бойынша болыстық управительдер мен ауылдық старшиналар сайлауын өткізе шыққан. Халықты жинап істің мән-жайын баяндау үстінде-ақ жұрт комиссияға:

— Келген ізіңмен кері қайт! — деген талап қойды.

Бұл наразылықты Черноморцев алдымен менен көрді. Бірақ сыр білдірмей, мені алдап тұзаққа түсіру ниетіне кірісті.

— Генерал-губернатор Веревкинге хат жеткіз, өте тығыз хат. Соған жауап алып қайтасың. Тапсырманы аман барып бұлжытпай орындаған жақсылыққа жақсылық табасың, — деді ояз начальнигі.

Мен де сыр берместен:

— Құп, подполковник мырза, ізгілік істен бас тарту біздің салтымызға хас нәрсе емес, — дедім.

Қасыма қалмақ солдатын қосып берді. Мен Орал қаласына аттандым. Әрине, ұзамай-ақ подполковниктің берген жасырын пакетін ашып қарауға тура келді. Онда: «Осыны табыс етуші киргиздарды бүлік шығаруға ағуалаушының өзі» депті. Мұнан кейін не болары белгілі ғой.

— Комиссияның басын кесіп аламыз, — десті жұрт.

— Жоқ, бір комиссияны құртумен іс бітпейді. Ойыл бойына барып, сол жақтағы халықты тегіс көтереміз, — деп мен бір сан қолмен Електен Ойылға аттандым.

Зұлымдыққа қарсы аттаным осылай басталып еді...

Жем қойнындағы ерлік

«...Дала низамына» екінші Александр патша 1868 жылы 21 октябрьде қол қойып бекіткеннен кейін-ақ оны орындау ісі бірден қарулы күшке сүйенді. Оралдан подполковник барон Штемпельдің отряды Аңқаты мен Шідертіні кесіп өтіп, Қалдығайты өзеніне қарай бет алды. Ал, Орынбордан шыққан подполковник Новокрещеновтың отряды қазақ даласының қақ ортасына орын теппек болып, Жем өзенінің

бойына өрлейді. Бұл сақадай сайланған 500 казак-орыс Байұлының мойнына бұғау салып тыпыр еткізбеу айласын көздеген-ді. Айнала бекінген зеңбіректі, көк қарулы, тас қамал құрған айбатты әскер бейғам жатқан көшпелі елге әзірейілдей әсер ететіні анық қой. Бұл және бір жерде емес, әлденеше жерде: сонау Маңқыстаудан әрі Теңіз төрінде, Жайықтың бойын мекендеген қалың елдің қақ ортасындағы Калмыков тұсында, Орынбор аузындағы Шекті мен Табынның ортасында ту тікті. Бірақ азаттық үшін жан беруге әзір ерікті ел көзсіз ерлерін бірінен соң бірін жау бетіне шығарып жатты.

Казак-орыс әскері Орынбордан бері шықты дегеннен-ақ тосқауыл хабаршылар қойылған еді.

— Жол тосамыз, аңдып бас салып ілгері жүргізбейміз, — деген ер көңілді жігіттерге мен бой бергенім жоқ.

— Ілгері асыңқыраған сайын, қазақ даласының ішіне кіріңкіреген сайын жаудың күші азая береді. Оқ-дәрі алатын, азық-түлік дайындайтын, ат-көлік ауыстыратын жері қашықтай түссе, жол азабын көбірек шексе, жорық салықтырып әскерді әлсірете берсе — оны жұмарлау оңайға түседі деген менің пікірімді Айжарық та қолдаған еді.

Сол жақ бетте тәуліктен асатын кең сахара — Маңқыстау даласы. Оң жақ қолда сулы шөпті, жылан қырқалы Жем өзенінің кең алқабы, Қарақобда мен Сағыз саласындағы елдерге ат шаптырып, күш жинап Алкелдіде екі мың қолмен Айжарық жатты. Жорыққа не сенімді, белді ат сенімді. Таңдап мінген тарландарға бел босатарлық

жанама жүйріктер жетектеп отырады. Қару — қайқы қылыш пен айбалта. Шиті мылтық он адамға біреуден-ақ, оның орнына сары садақ. Садақшылар бейнебір кірпінің терісінен сауыт кигендей — белденген қорамсағынан самсаған оғы иін тіреседі. Екі жүз қадамнан атқанын мұрттай ұшыратын мергендер бар, мергеннің қолында ұсыным жерден ат мойнын жарып өтетін сұр жебелер бар. Жалғыз садақ өнері емес, шауып келе жатып жерде жатқан жетім құмалақты түйреп кететін найзагерлер мол-ды. Бәрінен де күштісі бет қайтпас батыл жүрек жігіт қой. Сол жігіттің көбі өнерлі әскердің от құсқан зеңбірегі мен бұршақша бораған мылтық оғының астында қалып қаза тапты-ау!..

Жем бойында бір кең алқап бар-ды, алқаптың сол жақ бетінде басына шығып қарауыл қарайтын биік дөң болатын, сол дөңнің басынан күні-түні қарауыл қараған жігіттер мезгіл-мезгіл атой салып:

— Ал келді! Жау келді! — деп, жайбарақат жатқан қолды аяғынан тік тұрғызумен болып жүрді. Жауынгер кездегі осы сақтық ұраны сол төбені «Алкелді төбесі» атандырды да, бері келе ол «Алкелді» болып қалды.

Осы төбені Новокрещеновтың отряды да ұнатып, болашақ қамал құратын жайлы орын тапса керек, Жем бойын өрлей-өрлей келіп қалың қазаққа қарсы сол жерге сұр шатырын тікті; обозын иіріп, түтін түтетті: оннан, бестен қарулы қарауыл қойып, зеңбірек құралын орнатты, жайланысып, біржола иемденетін пиғыл көрсете бастады.

— Енді жетті! — деді Айжарық басты батырларын жиып алып. — Бұдан әрі жетектеуге ар-намыс көтермейді. Емін-еркін жүріп, тоқтаусыз келген жауға енді адым аттауға жол жоқ. Қара қазан, сары баланың қамы үшін! Ата қонысы, жер мен су үшін! Дін үшін! Күн үшін! Өлсек шаһитпіз! Тарт, батырларым!

Төртке жарылған екі мың қол сап-сабымен шеру тартты.

— Ағатай! Қайдасың, ағатай!..

— Қаратаз! Қолда Қаратаз!

— Жылқышы ата!

— Қарекете! — деген ұрандар жарға құлап, дөңге соғып жатты.

Алдымен Ысық Кейкіман батыр ат қойды. Оның үш жүз жігіті тегісінен найзашы еді, он екі ғана садақшысы бар-ды. Садақ, әрине, атүсті тартыла бермейді, тосқауылдап, нысанасын көздеп тартатын жерлерде ғана жұмсалады.

Сондықтан көк найзалы қалың аттылы екі дүркін оралып казак-орыс әскерінің қамалын бұзбақ болды да, бір тобы жұбын жазбай екі шақырым жерден сар желіспен жақындай түсті. Қылышқа үйренген казак-орыс та жүз-жүзден екі топқа бөлінді, қанаттарын жая түсіп, басшының жарлығын күтті.

— Кейкіман қолы араласқанда жабыла шап! — деп бұйрық етті, Айжарық айқайлап.

Кейкіман жалаң қылышпен ұмтылуға әзір тұрған казак-орыстар сапына жетіп те қалды. Екі ара мүшелік жердей-ақ, онан да кем, апшыра түсті.

— Аруақ!

— Аруақ! — десті кейінгілер.

Найзашылар аттарын тебініп те қалған сияқтан-ды. Қиқулаған дауыс та құлаққа шалынды.

Енді түйреседі, енді түйреседі! — деп ішінен тынды төзбей көз тіккен жандар.

— Ал басталды. Өне ығысты. Шыдамады...

— Кері серпілді. Бәсе! Серпілді!..

Айтып үлгергенше болмай казак-орыстар қақпаның аузын ашқандай серпіліп екі жаққа ығысты да, арасынан шыға келген жаяу тізбек қаз-қатар тұра қалып жүз мылтық шаппасын бір қолмен тартқандай күрс еткізді; жер солқ етті, қиқулап шапқан Кейкіман қолын от-жалын жалап қалғандай болды. Көк түтін көлбеп жерге шөгіп үлгергенше найзалы топтың алды жапырылып қалды...

Казак-орыстар айласын асыра түсті — дала жауынгерлерінің қолында зеңбірек түгіл мылтығы да аз екенін, жалғыз-ақ қол қаруы найза мен айбалтаға сүйенген атам заманғы әскер тәртібін көріп, оларды қолдасып соғысуға келген жерде түтеген оқтың астына алуды көздеген. Бұл ниетті әдіспен бүркеп жалаң қылыш ойнатқан аттылы жүздіктердің тасасына жаяу атқыштар қойған.

Кейкіман әскері лекіте төніп келіп, қиқу салып найзаласуға ұмтылғанда аттылы жүздік арасын ашып қалып, атқыштарға оқ жаудыртқан екен. Бірінші саптағы жігіттердің алдыңғы қатары оққа ұшқанда, кейінгі топ екпінмен оның үстіне келіп қалып, оқ тиген жандар мен ойнап шыққан аттарға араласып кетеді, екінші дүркін жаудырған

оқ оларды бейне баудай түсіріп жібереді. Сол алдыңғы сапта араласқандардың ішінде Кейкіман батырдың өзі жазым табады. Бұл аттан құлап бара жатқан басшының сүйегін жерге түсірмей кейінгі жақтан шауып келіп, қағып алып шыққан екі жігіттің қолындағы батырдың денесімен бірге қол да кері шегінеді. Істің теріске айналғанын көріп, төбе басында тұрып айқай салған Айжарықтың:

— Қарсы шаппа қамалға! Сабыр ет, Кейкіман! Жігіттеріңнің сапын түзе! — деген жарлығын ол естіген жоқ. Қолбасшының өзі ілгері шапты. Ол не болғанын анықтау үшін, түйдектелген жауынгерлерге тәртіп беру үшін шапты. Бірақ оның бұл ниетін анық түсінбеген екінші бір топ Кейкіманға көмек беруге бір бүйірден ат қойды. Ол топтың алдында ақ боз атты Қобыланды ақын көзге шалынды.

Бұл Алашаның арқалы ақыны еді. Қобыландының соңында алпыс жігіті айқай салып дүрліге шапты, олардың аузына тап сол сәтте, мүмкін, ақынның жау жапырар өлеңі түскен шығар. Өйткені ол:

*Түлкідейін түн қатып,
Бөрідейін жол тартып
Жауырынына мұз қатып,
Жалаулы найза қолға алып,
Жау тоқтатар күн қайда! —*

деп жортатын.

Кейкіманның найзагерлері алды жапырылып, арты топталып кері ығысқан шақта екінші бүйірден ат қойған мына ақынның отряды

Новокрещеновтың әскерін селк еткізгендей болды, өйткені қырық-елу найзагердің көбі аттан құлап, бірқатары ат жалын құшып қалғаннан кейін шошып, кері ығысар деген қазақ тобы бейне бір өліміне қарамастан лап қоятын пішін көрсетті. Ысқырған садақ оғы жауа бастады. Айқайлап салған ұрандар жер жаңғырықтырды.

Бәрінен де үрейлісі тобын жазбай сілтеген алпыс аттылының шаңы мен дүбірі, желге ысқырған жалаулы найзасы, қиқулаған дабысы жолында тас қамал тұрса да жапырып өтетін сияқтанды. Бейне бір бүйірден соққан темір тоқпақтай көрінді. Алдыңғы сапта тұрған казак-орыс қылышкерлері бір сәт жапырылып кері ығысқандай қимыл көрсетті, ал, Кейкіманның жігіттерін оқ жаңбырмен қарсы алған жаяу атқыштар ілкі мылтық кезенген жауынгерлік сапында қалды. Ақынның құйындатқан тобын кері қайтаруға Айжарықтың да дәрмені жетпеді, оған олар қайрылатын да емес еді.

Бұл күтпеген жерден, бейне бір жауды бүйірден түйрейтін найзадай, тобын жазбастан ұмтылған ер жүректі жандар қылышты казак-орыстар жүздігіне жүз қадамай-ақ барып қалды. Алдында жұлдыздай аққан ақ боз атты Қобыланды оң қолы шүйген найзасында, сол қолы тізгінде, қақ жауырынына қадаған күшіген үкісі айдардай желбіреп «Енді араласты! Енді араласты!» дерлік жерге жетті. Мұның түрінен де, түсінен де, мына атқан оқтай айнымай ағызып келе жатқан қаныпезер тобынан да казак-орыстар шошып кетті білем, жалт бұрылып, үріккен жылқыдай, жаяу әскердің тасасына жөңкілді.